«Бекітемін»
«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ
директоры____________________А.Кисикова
«______»____________2023жыл

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша**
**Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен**
**2023-2024 оқу жылына арналған**
# КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

2023 ж

Сканировано с CamScanner

## Түсінік хат

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

Сканировано с CamScanner

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен карауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді

Сканировано с CamScanner

- Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командаменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

Сканировано с CamScanner

- Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады*:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сақұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

Сканировано с CamScanner

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

***Жасөспірімнің тәрбиесі** (11-15 жас)*

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

Сканировано с CamScanner

# ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- *1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары*
- *5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | жауапты мамандар | орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1 | *«Еңбегі ерен жас өрен»* | 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп –мейірім мекені» | мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер | қыркүйек |
| 2 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы* | Құзыретті органдармен бірлесе отырып «Абайлаңыз балалар!», «Түнгі қаладағы бала» және т.б. рейдтік шаралары /арнайы жоспар/ | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>Сынып жетекшілері | қыркүйек |
| 3 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы* | «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған сынып сағаттары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>сынып жетекшілер | |
| 4 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы* | Қазақтың батыры,көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлының Туғанына 220 жыл | мектеп кітапханашысы | қыркүйек |
| 5 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы | «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | |
| 6 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы» | Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>Класс жетекшілер | қыркүйек |
| 7 | *«Оқуға құштар мектеп»* | Облыстық балалар кітапханаларына топсеруен | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>Сынып жетекші | |
| 8 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы | «Тамақтану мәдениеті» | Әлеуметтік педагог | қыркүйек |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | «9 айға 9 іс-шара»жобасы | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлыққа, есірткі бизнесіне қарсы күрес: «СЕРГІТУ СӘТІ» | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 10 | «Ата-аналар мектебі» | «Бақытты отбасы-мейірім мекені» дөңгелек үстел | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 1 1 | «Ата-аналар мектебі» | «Отбасындағы ортақ тіл» ата-аналар жиналысы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 1 2 | «Ұлттық мектеп лигасы» «Спорт-денсаулық-жетістік» | «ТОЛАҒАЙ»отбасылық сайысы (4 кластар) | Жоба жетекшісі:Өтегенова Ш. Батыргалиев Б.К сынып жетекшілер |

Сканировано с CamScanner

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- *1 қазан - Қарттар күні*
- *5 қазан – Мұғалімдер күні*
- *25 қазан – Республика күні*
- *Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл*
- *Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетініңжарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл*
- *Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл*
- *Ақын, жазушы,көрнекті мемлекет жәнеқоғам қайреткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | У |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1 | «Еңбегі адал жас өрен»жобасы | 1.1қазан - Қарттар күніне орай «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін!»<br>2. «Қарты бар үйдің қазынасы бар»тақырыбында қарттар үйіне мерекелік концерт | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>Сынып жетекшілер | қа |
| 2 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»<br>«Мектеп парламенті»өзін –өзі басқару үйымы | «Ұстаз! Сіздің алдыңызда » атты Дублер күні | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>Сынып жетекші<br>аға тәлімгер | қа |
| 3 | *«Оқуға құштар мектеп»* | *«Ұлы дала перзенттері» Ж.Аймауытовтың туғанына 135 жыл,М:Жұмабаевтың туғанына 130 жыл,С.Торайғыровтың туғанына 130жыл,С.Сейфуллиннің туғанына 130жыл* | Сынып жетекшілер Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі | қа |
| 4 | *«Салауатты өмір салтын қалыптастыру»* | *«Тұмау», «Қызылша»,*<br>*«Құтырма»ауруларының алдын алуға диктан жаздыру* | Сынып жетекшілері | қа |
| 5 | **«9 айға 9 іс – шара »** | **«9 айға 9 шара» айдары 25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім Қазақстаным »Қазақстан Республикасының Гимнін** | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,<br>сынып жетекшілері | қ |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | орындау | | |
| 6 | **«Төрт тоқсанға – төрт шара »** | **Республика күні мерекесіне арналған «Ақындар айтысы»** | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, | қазан |
| 7 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | **25 қазан Республика күніне «Қыран елім Қазақстаным!»мерекелік кеш** | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | қазан |
| 8 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Бейбіт елім тұғырың сенің биікте»сынып сабақтары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,сынып жетекшілері | 22.10-26.10.23 |
| 9 | «Оқуға құштар мектеп » | «Менің Отаным – Қазақстаным!»4 кластар арасында интеллектуальды сабақ | мектеп кітапханашылары | қазан |
| 10 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Кітапханаға саяхат» (1 сынып оқушылары) | Мектеп кітапханашысы | қазан |
| 11 | «Ұлттық мектеп лигасы» «Спорт-денсаулық-жетістік» | «Толағай»эстафеталық сайысы | Жоба жетекшісі Өтегенова Ш Класс жетекшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | қазан |
| 12 | «Ұлттық мектеп лигасы» «Спорт-денсаулық-жетістік» | «Футболдан мектеп біріншілігі» | Жоба жетекшісі Өтегенова Ш Класс жеткшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | қазан |
| 13 | «Ұлттық мектеп лигасы» «Спорт-денсаулық-жетістік» | «Волейболдан мектеп біріншілігі» | Жоба жетекшісі Өтегенова Ш Класс жеткшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | қазан |
| 14 | «Балалар кітапханасы»жобасы | «Бір отбасы – бір кітап» 9 сынып оқушылары арасында эссе байқауы | Кітапханашы | қазан |
| 15 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы, «Еркеназ »қыздар клубы | «Күзгі баққа саяхат»күзгі бал | Жоба жетекшісі Құлшаева Г Клуб жетекшісі Жансейітова Г | қазан — |
| | «Еркеназ»қыздар клубы | қыздар жиналысы | Клуб жетекшісі Жансейітова Г | қазан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К | қазан |
| 17 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «Жолда жүру ережесі»түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Жоба жетекшісі Құлшаева Г | Қазан |
| 18 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | №1 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қазан |

Сканировано с CamScanner

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- *15 қараша - Ұлттық валюта күні*
- *Күзгі демалыс*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | «Ғаламтор қауіпсіздігі» | «Интернетсіз бір күн»челленджі | Сынып жетекшілер | қараша |
| 2 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Баланы жәбірлеулің(буллингтің)алдын алу және оны болдырмау»дөңгелек үстел | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |
| 3 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «ВЕЙП жіне электронды темекінің зияны мен оның алдын алу»кездесу сағаты | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |
| 4 | «Еңбегі адал жас өрен»жобасы: | «Мейірімділік керуені» қайырымдылық жәрмеңкесі | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Әлеуметтік педагог | қараша |
| 5 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «Менің хоббиім» көрмесі | бастауыш сынып жетекшілер | қараша |
| 6 | **«Төрт тоқсанға –төрт өнер»**<br>**«9 айға 9 шара» жобасы** | **«Алтын сақа»республикалық челленджі**<br>**«Асық ату» ойыны** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Дене тәрбиесі бірлестігі | қараша |
| 7 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы* | *«Діни экстремизм және терроризм»тақырыбында кездесу сағаты* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |
| 8 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы* | *Имиджді‌к шеберлік сабағы 7 кластар* | аға тәлімгер | қараша |
| 9 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы** | «Ұлттық валюта-теңге күніне «Теңге-тәуелсіздік келбеті» | сынып жетекшілері,<br>Мектеп кітапханашысы | қараша |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | «Жет[illegible]» [illegible] жобасы | «[illegible]да [illegible] ер[illegible] [illegible]» театр майталмандарының қойылымын тамашалау | аға [illegible] | қараша |
| 11 | «Спорт-денсаулық-жетістік»жобасы | «Толағай»отбасылық сайысы<br>(3 кластар ата-аналары) | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Жоба жетекшісі Өтегенова Ш | караша |
| 12 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы | Ертегілер әлемі «Мен оқыған бір ертегі»<br>ТИК-ТОК челлендж | Мектеп кітапханашысы<br>сынып жетекшілер | қараша |
| 13 | «Ұлттық мектеп лига»жобасы | «Волейболдан мектеп біріншілігі»7-8 кластар | Дене шынықтыру бірлестігі | Қараша |
| 14 | «Ұшқыр ой алаңы» | «Ұшқыр ой алаңы»Парасат дебат клубы | Дебат клубы жетекшісі | Қараша |
| 15 | «Балалар театры» | Т.Ахтанов ат драма театрына қойылым көру | мектеп әкімшілігі | қараша |
| 16 | «Оқуға құштар мектеп» | «Балалар кітапханасы »жобасы аясында «Үздік оқырман» | Жоба жетекшісі Конырова Н<br>Кудьярова Ж | қараша |
| 17 | «ЖасҰлан ұйымы» | «Күзгі баққа саяхат»фотосурет байқауы<br>5-6 сыныптар | аға тәлімгер | қараша |
| 18 | «Өзін – өзі басқару Мектеп парламенті» | «Біздің парламент»кеш | аға тәлімгер | қараша |
| 19 | «Даналық мектебі» | «Отбасы-бақыт бесігі»кездесу кеші | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |
| 20 | «Даналық мектебі»<br>«Зере»аналар мен әжелер клубы<br>«Еркеназ»қыздар клубы | «Қызым-қызғалдағым »тақырыбында кеш<br>(аналар мен әжелердің және қыздардың катысуымен) | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |
| 21 | «Еркеназ»қыздар клубы | «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында өнеге сағаты | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>«Еркеназ»қыздар клубының жетекшісі | қараша |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | «Даналық мектебі»<br>«Ақотау»келіндер және жеңгелер клубы | «Пайдалы тәттілер»шеберлік класы | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>жоба жетекшісі | қазан |
| 23 | «Даналық мектебі»жобасы<br>«Бәйтерек»әкелер клубы<br>«Арлан»ер балалар клубы | «Әке-шаңырақтың тірегі»атты өнеге сағаты | Жоба жетекшісі<br>Батырғалиев Б.К | қазан |
| 24 | «Ата-аналар мектебі» | «Отбасы –бақыт бесігі »тақырыбында ата-аналар жиналысы | Мектеп әкімшілігі | 8-9 қараша |
| 25 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі<br>Батырғалиев Б.К | қараша |
| 26 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | №2 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қараша |

Сканировано с CamScanner

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➢ *16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Тәуелсіздік мен үшін» *мәнерлеп оқу челленджі* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 2 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Бақытты балалық шақ»балалар көзімен сурет байқауы 1-9 сыныптар | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 3 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» сынып сағаттары | сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 4 | ***«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы*** | ***Шығарма жазу. Болашаққа хат*** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | желтоқсан |
| 5 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» | мектеп кітапханашысы | желтоқсан |
| 6 | **«4 тоқсанға-4 өнер» жобасы** | **«Асық ойнау» олимпиадасы** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары дене тәрбиесі бірлестігі | желтоқсан |
| 7 | *«Жеткіншектің жеті жарғысы»* | *«Жаңа жылға –жаңа қадамдар» 1-11 кластарға жаңа жылдық мерекелік кеш* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілер | желтоқсан |
| 8 | **«Ұлттық мектеп лигасы»жобасы, «Спорт-денсаулық-жетістік»жобасы** | «Баскетболдан мектеп біріншілігі» | Жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | желтоқсан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | «Спорт [illegible] жобасы | «[illegible] баспасы» | Жоба жетекшісі Батырғалиев Б.К | желтоқсан |
| 10 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы**<br>**«Ұшқар ой алаңы»жобасы** | **«Тарих пен тіл тамырлас»** | Жоба жетекшісі Макимова А | желтоқсан |
| 11 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы | «Ертегілер әлемі» тақырыбында 20 минуттық ОҚУ САҒАТЫ | жоба жетекшісі Қоңырова Н | желтоқсан |
| 12 | «Еркеназ»қыздар клубы | «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» дөңгелек үстел | жетекшісі Жансейітова Г | желтоқсан |
| 13 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі Батырғалиев Б.К | желтоқсан |
| 14 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | №3 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | желтоқсан |

Сканировано с CamScanner

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➢ *Қысқы демалыс*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1 | *«Оқуға құштар мектеп »жобасы «Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы* | Туған өлке ақындарының шығармаларынан мәнерлеп оқу сайысы | Жоба жетекшілері Құлшаева Г, Конырова Н | қаңтар |
| 2 | *«Еркеназ»клубы* | «Қыз намысы – ұлт намысы» қыздар жиналысы | Клуб жетекшісі Жансейітова Г | қаңтар |
| 3 | ««Жеткіншектің жеті жарғысы»» | «Профи TIME» мамандықтар әлемінде саяхат | директор орынбасары Борисова С | қаңтар |
| 4 | *«Еңбегі адал жасөрен»жобасы* «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» | Жоба жетекшісі Құлшаева Г «Қолөнер»үйірмесі жетекшісі Бижанова И | қаңтар |
| 5 | ***«Тоғыз айға тоғыз шара»*** | ***«Қазақ есебі» Қызықты ойын 15 минуттық «Қызықты Үзіліс» жобасы*** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Математика пәнінің мұғалімдері | қаңтар |
| 6 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Құқық сабағы» Мектеп ережесін сақтаймыз! Білім алушыларға жиналыс | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қаңтар |
| 7 | «Оқуға құштар мектеп »жобасы | «Кітап Game» интеллектуалды ойын, «QR код арқылы ақпараттар әлеміне жөн сілтеу» «Ертегі айтып берейін» | Жоба жетекшісі Конырова Н | қаңтар |
| 8 | «Спорт-денсаулық-жетістік»жобасы | Тоғызқұмалақтан,асықтан ,шахматтан мектеп біріншілігі | Спорттық секция жетекшілері | қаңтар |
| 9 | «Ұшқыр ой алаңы» «Парасат»дебат клубы | -«Болашақ жастардың қолында» 7-10 сыныптар арасында мектепішілік дебат турнирі | Тарих пәнінің мұғалімдері | қаңтар |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | «...тып...теп ...сы»<br>«Спорт-денсаулық-жетістік »жобасы<br>«Біз бір бірімізге керекпіз»жобасы | «Т... ...й» ...ета... ...айы...<br>7 сыныптар | жоба жетекшісі<br>сынып жетекшілері | қаңтар |
| | | | | |
| 11 | *«Даналық мектебі»жобасы*<br>*«Зере»аналар мен әжелер клубы*<br>*«Еркеназ»қыздар клубы*<br>*«АқОтау» келіндер мен жеңгелер клубы*<br>*«Бәйтерек»әкелер кклубы* | *«Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар»шеберлік сабақтары* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, жетекшілер | қаңтар |
| 12 | «Ата-аналар мектебі» | Ата-аналар жиналысы №3 | Мектеп әкімшілігі<br>Класс жетекшілер | қаңтар |
| 13 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі<br>Батыргалиев Б.К | қаңтар |
| 14 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | №4 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | қаңтар |

Сканировано с CamScanner

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1. | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» | «Кітап-рухани құндылық»сынып сағаттары | Сынып жетекшілер | ақпан |
| 2. | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» | «Абай әлемі» конференция | қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері сынып жетекшілері | ақпан |
| 3 | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» | «Кітап-рухани құндылық» тақырыбында айлық іс-шаралар жоспары ( айлық жоспар жасалады) | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,мектеп кітапханашысы сынып жетекшілер | ақпан |
| 4. | «Ұшқыр ой алаңы» | *қалалық дебат турнирін ұйымдастыру* | Тарих пәнінің мұғалімдері | ақпан |
| 5. | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «БУЛЛИНГ. КИБЕРБУЛЛИНГ» сауалнама алу | Мектеп психологтары Жансейтова Г Минаева Г | ақпан |
| 6. | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» «Тоғыз айға тоғыз шара» | «Сүйікті кітабым» Челленджі | Жоба жетекшісі Қонырова Н | ақпан |
| 7 | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы* | «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» | Сынып жетекшілер | ақпан |
| 8 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «Сен және заң» | Жоба жетекшісі Құлшаева Н | ақпан |
| 9 | «Ғаламтор қауіпсіздігі»жобасы | «Интернетсіз бір күн»акциясы | директордың тәрбие ісі жкніндегі орынбасарлары | ақпан |
| 10 | «Ұлттық мектеп лигасы»жобасы | «Баскетболдан мектеп біріншілігі» 7-8 сыныптар | Жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | ақпан |
| 11 | «Ұлттық мектеп лигасы»жобасы | «Футболдан мектеп біріншілігі» 5 сыныптар | Жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | ақпан |
| 12 | «Спорт-денсаулық-жетістік»жобасы | «Толағай»отбасылық сайысы 8 сыныптар | Жоба жетекшісі Батыргалиева Б.К, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | ақпан |
| 13 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К | ақпан |
| 14 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | № 5 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | ақпан |

Сканировано с CamScanner

**НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы**

- *1 наурыз – Алғыс айту күні*
- *21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы*

*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні*
*27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1 | «Өзін өзі басқару Мектеп парламенті» | «Баршаңызға Мың алғыс, ...» | аға тәлімгер | наурыз |
| 2 | ***«Тоғыз айға тоғыз шара»*** | **«Домбыра Party»** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Класс жетекшілер | наурыз |
| 3 | «Даналық мектебі» | «Бәрі де, **Ана**, бір өзіңнен басталды» өнеге сағаты | Жоба жетекшісі Елеусізова С | наурыз |
| 4 | *«Ата-аналар мектебі»* | *«Аналар , асыл жандар» мерекелік кеш* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,Класс жетекшілер | наурыз |
| 5 | *«Ата-аналар мектебі»* | **«Бауырсақ Party»** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,Класс жетекшілер | наурыз |
| 6 | *«Ата-аналар мектебі»* | *«Ұлыстың Ұлы күні Наурыз құтты болсын!»мерекелік іс-шаралар* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, Класс жетекшілер | |
| 7 | ***Төрт тоқсанға төрт өнер*** | ***«Ұлттық өнер»көрмесі*** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Класс жетекшілер | наурыз |
| 8 | «Спорт-денсаулық-жетістік» жобасы | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді стартар» спорттық іс-шаралар өткізу | жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К<br>дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | наурыз |
| 9 | «Ұлттық мектеп лигасы» | «Футболдан мектеп біріншілігі» | жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К<br>дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | наурыз |
| 10 | «Ұлттық мектеп лигасы» | «Волейболдан мектеп біріншілігі» | жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К<br>дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері | наурыз |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | «Оқуға құштар мектеп»жобасы | «Білімділер бәйгесі» интеллектуалды сайыс | Жоба жетекшісі Конырова Н | наурыз |
| 13 | «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы | «Адалдық адамдықтың белгісі» | Жоба жетекшісі Құлшаева Г | наурыз |
| 14 | | «Жыл басы НАУРЫЗ »мерекелік концерт | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | наурыз |
| 15 | «АқОтау» келіндер мен жеңгелер жобасы | «Қазақтың келіндері-ай» | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Жоба жетекшісі | наурыз |
| 16 | «Еркеназ»қыздар клубы | «Бұрымды қыздар»байқауы | Қыздар клубы жетекшісі | наурыз |
| 17 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | «Ұлттық тағамдар» шеберлік сағаттары | Жоба жетекшісі | наурыз |
| 18 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі<br>Батыргалиев Б.К | ақпан |
| 19 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | № 6 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | ақпан |

Сканировано с CamScanner

## СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

- *12 сәуір - Ғылым күні*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | |
| 1 | *«Еңбегі адал жасөрен» жобасы* | «Достық – көмекпенмықты» сынып сағаттары | Сынып жетекшілері | сәуір |
| 2 | *«Ата-аналар мектебі» жобасы* | «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» | Сынып жетекшілер | сәуір |
| 3 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Жүрегім қазақ» кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер | Сынып жетекшілер | сәуір |
| 4 | *«Жасыл мектеп»* | *«Экологиялық КВЕСТ»* | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | сәуір |
| 5 | ***Төрт тоқсанға –төрт өнер*** | ***«Туған өлкем» фестивалі*** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | сәуір |
| 6 | **«Тоғыз айға тоғыз шара»** | **«Шахмат ойнау»** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Сынып жетекшілері | сәуір |
| 7 | «Ата-ана мектебі»жобасы | Ата-аналармен Волейболдан жарыс | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Жоба жетекшісі | сәуір |
| 8 | «Ата-аналар мектебі» | Ата-аналар жиналысы №4 | Мектеп әкімшілігі<br>директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | сәуір |
| 9 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Мақал - сөздің азығы, жұмбақ- ойдың қазығы » | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Жоба жетекшісі | сәуір |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы | «Үш бәйтерек-үш діңгек»әдеби вернисаж | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары<br>Жоба жетекшісі | сәуір |
| 11 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | Жоба жетекшісі<br>Батырғалиев Б.К | ақпан |
| 12 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | № 7 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | ақпан |

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шараның атауы | Жүзеге асырушы жауапты мамандар | орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | |
| 1. | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | 1 мамыр –Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ұлттар достастығы» сынып сағаттары | сынып жетекшілері | мамыр |
| 2. | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» ән байқауы | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілері | мамыр |
| 3 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | 7 мамыр Отанқорғаушылар күніне орай «Ер есімі ел есінде» ауған ардагерлерімен кездесу кеші | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілері | мамыр |
| 4 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | Отанқорғаушылар және Жеңіс күніне орай сынып сағаттары | сынып жетекшілер | мамыр |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | 9 мамыр Жеңіс күніне орай «Жеңіс туы желбірейді»патриоттық ән байқауы | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілері | |
| 6 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмірсүреді!» | Жоба жетекшісі Құлшаева Г сынып жетекшілер | мамыр |
| 7 | «Ата-аналар мектебі» | «Отбасы FEST»фестивалі | жоба жетекшілері сынып жетекшілері | мамыр |
| 8 | «Оқуға құштар мектеп» | «Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жыл» сынып сағаттары | сынып жетекшілер | мамыр |
| 9 | **«Тоғыз айға тоғыз іс шара»** | **«Жасыл мекен»** | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілері | мамыр |
| 10 | «Өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп парламенті» | өзін-өзі басқару ұйымының корытынды кеші | жоба жетекшісі Құлшаева Г | мамыр |
| 11 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы | «Кітапханаға кітап сыйла» | жоба жетекшісі Қонырова Н сынып жетекшілер | мамыр |
| 12 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар жиналысы | мектеп әкімшілігі сынып жетекшілер | мамыр |
| 13 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | Жазғы демалысты ұйымдастыру | мектеп әкімшілігі сынып жетекшілер | мамыр |
| 14 | «Ата-аналар мектебі»жобасы | Ата-аналар кезекшілігін ұйымдастыру (апта сайын) | жоба жетекшісі Батыргалиев Б.К | мамыр |
| 15 | «Ата-аналарды қолдау орталығы» | № 8 сабақ | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары | мамыр |

Сканировано с CamScanner